# НҰРА

№ 5 (5036)
СЕНБІ,
2 ақпан
2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті


<u>*АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ*</u>

## Ынтымақ бар жерден ырыс кетпейді

Изенді ауылындағы Бахтияр Артаев атындағы спорт кешенінде өткен аудан әкімі С.Шайдаровтың есеп беру кездесуіне ауылдықтар бір кісідей жиналды. Алдымен аудан әкімі ауданның 2007 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының орындалуы мен алдағы жылдарда ауданның орта мерзімді бағдарламасына сай атқарылар іс-шараларға тоқталды.

Изенді ауылының бүгінгі хал ауқаты да назардан тыс қалмады. Ауылдың бүгінгі бейнесі қуанарлықтай: жоғарыда айтып кеткендей спорт кешені, модельді кітапхана, тұрғындарға қызмет көрсету орталығы, фельдшерлік пункт, оған биылғы жылы «Отқанжар» ЖШС-нің күшімен салынып, пайдалануға бе[illegible]н заман талабына сай интернат үйі қосылып, тұрғындарды тағы бір қуантты. 2007 жылы ауыл мектебіне 8,6 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Ауыл бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі 255,9млн теңгені құраған, жан басына шаққандағы өнім 2007 жылда 309,1 млн теңге, бұл орта аудандық көрсеткіштен 18,2 млн теңгеге артық (аудандық көрсеткіш-290,9 мың теңге). 4703 тонна астық жиналған, бұл 2006 жылғыдан 3230 тоннаға артық. Егістікті пайдалану 91,5 (аудан бойынша – 74).

«Отқанжар» ЖШС-і асыл тұқымды қой зауыты Қарғалы тұқымды қой өсірумен шұғылданады, бүгінгі таңда қой басы 9886 басқа жетті. Мемлекеттік бағдарлама бойынша 2007 жылы шаруашылық 2864 бас қой сатты, оның 2444 басы аудан ішінде.

Білім сапасы туралы сөз етсек, ҰБТ нәтижесі ауыл мектебінде – 69, яғни орта аудандық көрсеткіштен жоғары. Бұл-өте құптарлық жай. Ал компьютермен қамтылу деңгейі төмен, яғни 1 компьютерге 18,5 оқушы, ал аудан бойынша – 9,5.

Алдағы жылда ауданның даму бюджетінде ауылдағы Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу, мал қорымын салуға және ауыл ішіндегі су құбырларын жөндеуге жобалау сметалық құжаттамалар жасауға қаражат қарастырылған.

Одан кейін сөз алған Б.Шөкімбаев, телефон байланысының нашарлығын, Мәдениет үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселелерін көтерсе, Топаркөл бөлімшесінен келген Әбдіхалықов Ербол оқушы балаларды тасу үшін көлік қажеттігін жеткізді. Бөлімшелерін сақтап қалған изенділіктерге, әрине, енді Кеңжарық пен Топаркөлден балаларды жұмасына бір рет үйлеріне тасуға көлік керек-ақ, - деген ата – аналардың өтінішін аудан әкімінің назарына жеткізді.

Кездесуді қорытындылай келе, аудан әкімі С.Шайдаров, ауыл тұрғындарына ризалығын білдірді : - Қаймағы бұзылмаған елсіздер, сіздердің қамдарыңызды ойлайтын Қанаттай азаматтарыңыз бар, осылай ынтымақтарыңыз бір болсын, ал біз сіздердің сенімдеріңізден шығамыз, осы алған міндеттерімізді бәріміз бірігіп орындауға тиіспіз.

Бұдан кейін сахнаға Ысқақов Марат қария шығып, аудан басшысына өзінің арнайы батасын берді:

*Қолыңды көтер әлеумет,*
*Айтқаным менің дәл келет! (ді)*
*Қабыл болып Мараттың*
*батасы,*
*Халқым ертең айтып жүрет (ді).*
*Серік інім тор айғырдай*
*жалды бол,*
*Тең-құрбыңның алды бол!*
*Күш-қайратың кетпесін*
*бойдағы,*
*Арманыңа жет ойдағы!*
*Жүзің нұрлы болсын,*
*Жүрген жерің гүлді болсын!*
*Сексен жылдық той ойдағыдай*
*өтіп,*
*Серік інім мақсатыңа жетіп,*
*Ауылымыздың аты бәйгеден*
*озсын!*
*Астыңнан тақ кетпесін,*
*Басыңнан бақ кетпесін!*
*Берген батам дәл келіп,*
*Ауданымыз Республиканың*
*алды болсын!*

**Бикен САҒЫМБЕКҚЫЗЫ.**

## Біздің болашағымыз — жастардың қолында

***«Біздің болашағымызға бағытталған бағдарламалардың барлығын да іске асыратын бүгінгі жастар, сондықтан жастармен қалай жұмыс істеу керек екендігін басты назарға алуымыз қажет».***

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жастары ІІІ Конгресінде сөйлеген сөзінен.

17 қаңтар күні Президенттік мәдениет орталығында «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өткені баршамызға мәлім. Отырыста партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев партияның алдағы уақыттағы дамуына байланысты басты-басты жеті белесті жіктеп тұрып түсіндіріп берді. Аталған жеті бағытқа жеке-жеке тоқтала кетсем: 1. «Нұр Отан» бес жылға арналған тиімді сайлауалды тұғырнамасын қамтамасыз етуі тиіс; 2. Парламент қабырғасындағы заң шығарушылық қызмет; 3. Партияның өңірлердегі жұмысы; 4. Елді жеделдете дамыту мақсатында қоғамды жұмылдыру; 5. Жастармен жұмыс; 6. Партияны ұйымдастырушылық, кадрлық, идеологиялық тұрғыдан күшейту, саяси менеджменттің заңнамалық үлгісін жасау; 7. Партияның ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі жұмысқа қатысуы. Аталған бағыттардың ішінде 5-ші бағыт жастармен жұмыс деген тарауға ерекше тоқтала кетсем деймін. Бұл сала бойынша алдағы уақытта партия өз қатарына мақсатшыл, дарынды, өмірге деген өзіндік көзқарасы бар жастарды өз қатарына шақырып қана қоймайды, сонымен қатар, партия жұмысына белсенді араласуға мүмкіндік береді. Мұндағы басты мақсат - мемлекеттік қызмет пен партия қатарында жұмыс істеуге қабілетті жастарды алдын-ала дайындау. Бағыт-бағдар беру болып табылады. Партия жанынан құрылған «Жас Отан» Жастар Қанаты кеңесінің де жұмысы жанданады. Өйткені, партия қатарына келген жастар нақ осы «Жас Отан» қатарында белсене жұмыс істеп, алдағы уақытта партияның түпқазығы бола отырып, қазақстандық патриотизмнің дамуына, жастарға патриоттық тәрбие беру, отансүйгіштікке тәрбиелеу саласында жұмыс атқаратын болады.

«Жас Отан» басқаларға ұқсамай өзіндік даму үлгісін жасап, қазақстандық жастарға ар-намыс пен парасаттылықты насихаттауы тиіс.

«Жас Отан» отанымыздың өркендеуі жолында ұлттық мүдде сияқты құндылықтарымызды жоғары ұстауы керек.

Қорыта айтқанда, бесінші бағыт - жастарға уақытында жасалған қамқорлық, әсіресе, аудан жастарына айтарым: бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істейік. Сөйтіп, мемлекеттік қызмет пен партия қатарында жұмыс істеуге қабілетті қазақстандық жас гвардияны қалыптастыруға үлес қоса аламыз.

**Б.ТҮСІПОВ,**
**«Нұр Отан» ХДП-сы,**
**«Жас Отан» Жастар Қанаты**
**кеңесінің төрағасы.**

<u>*АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІНЕ ПІКІР АЙТАМЫЗ*</u>

## Бір ауыздан қолдаймыз

Аудан әкімі Сәрік Жаманқұлұлы келіп ауыл тұрғындарының алдында **есеп** берді. Екі жылдан бері өтіп жүрген есеп болса да аудан әкімінің биылғы есебі бұрынғылардан ерекше болды.



Ең алдымен аудандағы алдағы жылдарда жүзеге асырылатын инвестжобалар қомақты екен, қомақты болмай қайтсін, егер 2008 жылда ауданға келетін инвестициялар көлемі 8 есе өссе!

Екінші ерекшелік- аудан әкімі ауылымыздың әлеуметтік – экономикалық жағдайына егжей-тегжей тоқтап, қарапайым адамдарға жатық тілмен жеткізе алғаны.

Осындай мазмұнды кездесу үшін аудан әкімі С.Шайдаровқа ауыл тұрғындары атынан ризалығымды білдіремін.

Көптен бері көтерілсе де шешімін таппай келген ауылдағы Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу мәселесі де аудан әкімінің назарына ілініп, алдағы жылдың инвестициялық жобасына енгізілуі көңілімізге қуаныш ұялатады.

Ауылды көркейту, ауылдағы өмір сапасын арттыруда да аудан әкімі көптеген тың идеялар ұсынуда, біз олардың бәрін қоштаймыз, өз кезегімізде біз де қол қусырып отырмай барынша күш жұмылдырамыз деп, Сізді ауыл тұрғындары атынан сендіремін.

**Қ.ОТАРБАЕВ,**
**аудандық Мәслихат депутаты.**

## ЦЕЛЬ – повышение комфортности жизни

На отчетную встречу акима района щербаковцы пришли дружно, в зале сельского Дома культуры, рассчитанном на 350 мест, свободного места не было. Жители села с большим интересом слушали акима района С.Шайдарова, который доложил о социально-экономическом развитии района за 2007 год, затем акцентировал внимание аудитории на основные планы района в будущем. Был сделан анализ положения конкретно села Щербаковское, в котором проживают более 1300 человек, где имеется спортивный комплекс, фитнес клуб, семейно-врачебная амбулатория – все это построено силами и средствами ТОО»Кайнар», в котором среднемесячная зарплата составляет 41,6 тыс тенге. А доходы населения на 1-го жителя составляют 153,5 тыс тенге, что на 17,0тыс тенге выше среднерайонного показателя (136,5 т.т). Валовая продукция сельского хозяйства на душу населения составила 822,9 тыс тенге, т.е в 2,8 раза больше среднерайонного(290,9 тыс.тенге). Использование пашни по селу 99,6%, при районном -74%. Хозяйством для формирования стабилизационного фонда сдано 4500 тонн зерна, что составляет 19,5% от районного задания.

Уровень бедности по селу составляет 1%, по району -2,3%.



Бюджет развития района предусматривает проведение в 2010 году капитального ремонта Дома культуры на 10,0 млн тенге, а так же в 2008 году планируется разработка ПСД на реконструкцию установки очистных сооружений внутрисельской водопроводной сети села от содержания фтора.

Затем были озвучены проблемные вопросы: это отсутствие температурного режима в школе- вопрос уже ставится второй год. После ввода пристройки к школе, в школе не обеспечивается температурный режим, затем последовали вопросы по качеству телефонной связи, качеству питьевой воды.

Отвечая на первый вопрос, аким района подверг резкой критике работу исполнительных органов, ответственных за этот участок работы.

-Это наша вина, мы не должны были этого допускать. В этом году мы приоритетно обозначили – качественную подготовку к отопительному сезону. Бюджетные средства в первую очередь будут направлены на мероприятия по подготовке к предстоящему отопительному сезону. Уже сейчас под гарантийное письмо приобретен котел для КСШ №2 и уже идет замена, хотя во дворе зима. Ситуация с теплоснабжением, создавшаяся в вашей школе не выдерживает никакой критики и недопустима. И вопрос этот взят мною на контроль, со мной приехали специалисты, они будут скурпулезно заниматься и после этого будут приняты действенные меры для исправления положения.

Затем выступил руководитель ТОО»Кайнар», кавалер ордена «Құрмет» Сейтжапар Ныгметов: - В истекшем году труженики нашего хозяйства потрудились на славу, собран хороший урожай, заработная плата выдается ежемесячно и наличными. Сегодня все наши достижения были услышаны из уст акима района С. Шайдарова, который досконально остановился на развитии села. От имени щербаковцев хочу поблагодарить и заверить, что мы и в дальнейшем будем трудиться не снижая темпов во благо нашего района и в целом страны. А что касается 80-летия района щербаковцы не подведут, внесут весомую лепту в подготовке и проведении праздничных мероприятий.

Вопросов из зала не поступило, хотя аким района неоднократно обращался к присутствующим.

Подводя итог встречи аким района отметил:

- Это хорошо, когда нет вопросов. Это признак присутствия благополучия в селе. Я думаю, что в этом большая заслуга трудового коллектива «Кайнар» и его руководителя Сейтжапара Ныгметова, который сумел сплотить и направить коллектив, создать благоприятные условия для сельчан, уделяет пристальное внимание социальной сфере. Таких, крупных хозяйств как, ТОО»Кайнар» в области единицы. Поэтому хочу выразить особую признательность и благодарность трудовому коллективу и его руководителю, за их труд во благо района и страны. Экономический рост хозяйства привел к росту благосостояния людей и улучшению качества жизни сельчан.

А что намечено по инвестиционным проектам, то они будут выполнены, просто нужно время. Теперь ваша цель будет направлена на повышение комфортности жизни населения.

**Б.АХМЕТОВА.**

*ОТЧЕТНЫЕ ВСТРЕЧИ*

# Основной упор – на бюджет развития

Надо сказать, что отчетные встречи акима района с населением всегда носили достаточно актуальный характер, где каждый мог напрямую задать руководству района волнующий вопрос, высказать свое мнение, замечание или предложение по работе акима, которые будут не просто учтены, но и найдут отражение в конкретных планах и мероприятиях.

Подобные встречи в начале года с нетерпением ожидают в каждом селе, потому что именно здесь и состоится откровенный разговор населения и исполнительной власти. Нельзя не отметить, что нынешние отчеты немало отличаются от предыдущих тем, что аким района приезжает с достаточно полной информацией по каждому населенному пункту, сопровождая свое выступление показом слайдов по социально-экономическому развитию. А это, в свою очередь, намного сокращает вопросы сельчан, ответы на которые они получают уже из доклада руководителя района.

Так в селе Заречном, где встреча проходила 25 января, как и в предыдущих населенных пунктах, Серик Жаманкулович Шайдаров остановился на основных показателях развития района, задачах на этот год и более подробно коснулся конкретного села.

За прошлый год в аппарат акима района от жителей села Заречное поступило 10 обращений, 7 из которых касались земельных вопросов. Пять из них удовлетворены, по 3-м даны разъяснения, 1 направлено в компетентные органы и дан один отказ. Кроме того, в ходе прошлогодних отчетных встреч поступило обращение о расширении и улучшении качества связи, которое было взято на контроль, после чего произведена замена старой АТС на новую цифровую станцию емкостью 256 номеров.

Всего в селе проживает около 1400 человек, из которых рабочее население в различных областях составляет почти 500 человек, пенсионеров по возрасту чуть больше 160-ти, детей – 342, из которых 221 учится в Заречной СШ. Бесхозных объектов на селе нет, легализацию в прошлом году прошли 232 объекта, кроме школы имеется СВА, клуб и библиотека, в скором будущем мечтающая стать модельной.

Бюджет аппарата акима села Заречное в прошлом году составил более 4млн 440 тысяч тенге, которые были использованы для реализации программ по обеспечению деятельности аппарата акима, на освещение улиц, санитарию, благоустройство. На текущий год данный бюджет увеличен почти на 80 тысяч тенге. Что касается инвестиционных проектов, то в этом направлении Серик Жаманкулович отметил капитальный ремонт школы более чем на 1 миллион тенге и в планах на 2009 год – строительство скотомогильника на сумму 5,6 млн. тенге.

Касаясь финансового состояния села, была отмечена деятельность двух хозяйствующих субъектов: ТОО «Киевский» и ТОО «Киевский и К», 44 крестьянских и фермерских хозяйств, а также имеющиеся многомиллионные дебиторская и кредиторская задолженности, недоимка по платежам в бюджет, которая сложилась из-за неплатежеспособности многих крестьянских хозяйств и индивидуальных предпринимателей. Среднемесячная заработная плата работников бюджетной сферы села составила 26200 тенге, внебюджетных организаций намного ниже – 12,9 тыс.- тенге. Всего на одного работающего зареченца годовой доход составляет 107,7 тыс. тн., что почти на 30 тысяч меньше, чем на одного жителя в среднем по району (136,5 тыс.тн.). При том, денежных средств в село в виде заработной платы и пенсий было влито более 62 миллионов тн., выплачено детских пособий – 106,2 тыс.тн. (136 детей), АСП получили 26 семей (110 человек) в сумме 961,2 тыс. тн., жилищные пособия получили 45 человек в сумме 308,9 тыс.тн.

Но главное, что было отмечено по селу - это отнесение его по мониторингу государственной программы развития сельских территорий к первой категории, т.е. к селу с высоким потенциалом развития. Именно земля на селе является главным источником дохода и способствует росту благосостояния граждан и обновлению социального облика села. Однако, если учесть, что хозяйствующими субъектами было засеяно в прошлом году чуть более 60-ти процентов пригодных пахотных земель, а из 44 крестьян посев произвели лишь 26, то можно сделать вывод, что тысячи гектаров земли остались неиспользованными. А согласно внесенных изменений и дополнений в земельное законодательство в июле прошлого года, неиспользованные земли в течение двух лет по ряду причин могут быть изъяты в пользу государства.

Несмотря на такой подробный расклад по всем направлениям жизнедеятельности села Заречное у населения все же нашлись вопросы, на которые они получили исчерпывающие ответы. Особенно их волновали проблемы дорог и водопровода. Как и во многих других населенных пунктах, жители хотели бы, чтобы их дети имели хороший спортзал в школе и нормально развивались; чтобы в селе была баня, различные мастерские и особенно по слесарной части, так как у многих уже давно нет возможности поправить даже дворовую изгородь. Они хотели бы, чтобы фамилии их 35-ти умерших ветеранов войны стояли рядышком на плите обелиска или монумента, чтобы в отделении связи имелся телефон, куда могли бы позвонить пенсионеры и т.д.

Акимом района были даны конкретные разъяснения по всем волнующим вопросам, а также уделено внимание на то, что бюджет наступившего 2008 года будет направлен на развитие, а это не только строительство и реконструкции, а также разработка новых ПСД на те же водопроводные сети, которые по данному селу будут проводиться в 2009 году. После паспортизации всех дорог, переданных в коммунальную собственность, начнется выделение финансирования на их ремонт и содержание.

Насколько быстрым будет продвижение, зависит от слаженной и оперативной работы администратора программ в лице акима села. Аккумулированные средства будут распределяться по селам в связи с намеченными приоритетами. Необходимо привлечение малого и среднего бизнеса для открытия тех же мастерских или мини-цехов, тем более, что в каждом селе сегодня без работы находятся немало умельцев и ремесленников.

Закончилась встреча на положительной ноте, когда в лице жителей: Н.Кривопляс-библиотекаря, И.Тарасюк-пенсионера, К.М.Карпыкбаева-руководителя хозяйства, Н.В.Титаренко- председателя первичной ветеранской организации прозвучала не просто благодарность акиму за проводимые реформы, но и позитивный настрой на будущее, как своего села, так и района, и республики в целом. Особо было отмечено открытие коммунального хозяйства в поселке Киевка, большие работы в плане благоустройства накануне празднования 80-летия Нуринского района. Но главное, данная встреча отмечена, как прозрачность между властью и народом, что очень важно в дальнейшем продвижении вперед и решении многих вопросов сообща.

**Наталия ШЕВЧЕНКО.**

*АУДАН ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ*

# Назар қойса, шешілмейтін мәселе болмайды



Қарой ауылының Мәдениет үйінде өткен аудан әкімі С.Шайдаровтың есеп беру кездесуіне ауыл тұрғындары түгел дерлік жиналды. Алдымен аудан әкімі ауданның 2007 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының орындалуы мен алдағы жылдарда ауданның орта мерзімді бағдарламасына сай атқарылар іс-шараларға тоқталып өтті.

Ауыл аумағында 1 кәсіпорын «Қарой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыс істейді.

Қарой ауылы бойынша ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі 156,5 млн теңгені құраған, жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімі 2007 жылы 265,2 мың теңгені құрады, бұл орта аудандық көрсеткіштен 25,7 мың теңгеге кем (аудандық керсеткіш-290,9 мың теңге). Астықтың енімділігі гектарынан 8,1 центнерді құрады, бұл аудандық көрсеткіштен 1,2 центнерден төмен. 46 шаруа қожалығынан 22-і ғана егін еккен, олар түбегейлі жақсартылған жайылымдық алқапқа сепкен. Ауыл бойынша егістікті пайдалану 82,6% (аудан бойынша-74%).

Білім сапасын айтар болсақ, ҰБТ нәтижесі ауыл мектебінде- 65,1, яғни аудандық көрсеткіштен 0,4 балға кем (аудан бойынша 65,5 балл). Компьютермен жабдықталуы 1 компьютерге -18,9 оқушы (аудан бойынша 9,5). Ақырғы үш жыл ішінде Қарой орта мектебінің материалдық техникалық базасын нығайтуға (компьютерлер, лингафондық кабинет) жалпы сомасы-1107,0 мың теңге бөлінді.

Мәдениетті дамытуға тоқталсақ, барлық клубтық мекемелердің материалдық техникалық базалары нашар, сахна костюмдары жоқ, музыкалық аппаратуралар жеткіліксіз. Алдағы жылдарда ауыл клубтарына басымдылықпен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Қарой ауылындағы клуб «Қарой» ЖШС-нің меншігінде, ғимарат күрделі жөндеуді қажет етеді. Қазіргі таңда оны мемлекеттік меншікке беру мәселесі қарастырылуда.

Алдағы жылда ауданның даму бюджетінде ауылдағы мектепті күрделі жөндеуден өткізу, 2009 жылы мектепке спортзал салуға жобалау сметалық құжаттамалар жасауға қаражат қарастырылған.

Содан кейін, сөз алған ауыл тұрғындары: А.Тансықбаев, Х.Халидолла, Қ.Татиковтар телефон байланысының нашарлығын, мал жайылатын жердің жоқтығы, көшені жарықтандыру, жастар тәрбиесі, қоғамдық тәртіпті нығайту сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Кездесу соңында, аудан әкімі С.Шайдаров, ауыл тұрғындарының қойған сауалдарына оң жауап қайырды да, көтерілген мәселелердің бәрі алдағы уақытта алынып, олардың жүзеге асырылуы қарастырылатынын да ескертті.

**Бикен АХМЕТОВА.**

*ӘКІМ БОЛ. ХАЛКЫНА ЖАКЫН БОЛ*

# Халықтың қамын ойлаған басшы

Құрметті, ауданымызға жаңадан келіп, ел сеніміне ие болып жатқан әкім – Серік Жаманқұлұлы, Сізге, ауылымыздың ақсақалды аталары мен, ақ басты аналары атынан – келген қадамдарыңыз құтты болсын! Қош келіпсіз, демекпіз. Сізбен бұрын сұхбаттасып кермесек те, сіздің ел игілігі үшін атқарған қызметіңізбен баспасез арқылы таныспыз. Басқасын айтпағанда соңғы үш-терт айдың ішінде нұрлы Нұра өңірінде тындырған істеріңіз - әсіресе қазақ тілі мен ұлттық құндылықтарымызды керкейтуге қосқан үлесіңізді естіп, қуанып, сәттілік тілеп отырамыз. Ауылға келіп ағайынмен дидарласып, ой бөліскеніңізге мың да бір рахмет.

Мінберге шыққаннан кейін ауылымыз жайлы да аздаған түсінік бере кеткенді жөн кердім. Ауылымыз алты Алашқа әйгілі болмаса да, нұрлы Нұраның бойын мекен еткен, егемендіктің арқасында еселі еңбегімен ел қатарынан қалмай, келе жатқан, торқалы той, топырақты өлімде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір кісідей жұмыла кірісетін, үй орнындай ғана аумағы бар, берекелі де бірлікшіл, ат төбеліндей ғана үйелмен ауыл боламыз.

Ауылымызда сыбайлас жемқорлық, есірткі бизнесі, пара алу, жоғары-төмен жүгіріп арыздасу, өсекаяң және тағы сондай сияқтыларды елден естімесек, бізге жат нәрселер. Ауылымыз ауданға қанша жақын болғанымен керіксіздеу екенін тағы жасыра алмаймыз.

Біріншіден, жеріміз тар, үй іргесіне дейін жыртылған егін алқабы, жазда бұзау жайылатын жер жоқ. Осы жайында лауазым иелері ақылдасып Қарой ауылының шекарасын белгілесе дұрыс болар еді - деген ойдамыз.

Екіншіден, салауатты өмір салтын қалыптастырудың бір тетігі жастарды спортқа баулу болмақ. Мектебіміз екі ауысыммен оқиды. Қосалқы үйірмелер жүргізетін, спорттық шаралар өткізетін ешбір мүмкіндік жоқ. 2004 жылы бұл мәселе алға қойылған болатын, 2006 жылдың жоспарына енгізілуі тиіс еді. Бірақ бұл мәселе әлі шешуін таппай отыр.

Үшіншіден, тағы бір кем дүние – кітапхана жайлы. Кітап – біздің рухани байлығымыз, ал кітапхана сол рухани байлықты сақтайтын және халыққа тарататын орын. Аядай жатаған үйде 6 бірдей ұйым [illegible]лысып отырады. Не оқу залы, [illegible] дүркінді баспа жинайтын жері жоқ. Мәдениет бөлімінің қызметкерлері келіп осыны көзбен керіп, шіркін-ай мыналарың обал екен десе, онда көңілге медеу болар еді.

Биылғы жылы ауданымызға 80 жыл болады. Осы айтулы күнге орай әрбір елді мекен бір-бір үлкен дүние жасаса артық болмас еді. Ол үшін аудан келемінде жүлде жариялanса, әрбір елді мекен өзіне қажетті дүниелерін тұрғызып алар ма, - деген ойдамыз.

Сөз соңында айтарым: «Бір кісі таққа отырса, 40 кісі атқа отырады»- деген бабаларымыздың даналық сөзі бар еді. Әкім болып отырған орныңыз құтты болсын, еліміздің игілігі үшін еңбек ете беріңіз, еңбегіңіз жемісті болсын. Бір кісінің қолынан бәрі келе қоймас, сондықтан да өзіңізге көмекші боларлық – қажырлы да қайратты, салиқалы-сабырлы, білімді де білікті, елім деп ері[illegible]бей еңбек ететін 40 жігіт атқа қонсын - деп тілейміз.

**Халилаұлы ХАЛИДОЛЛА,**
**Қарой ауылы.**

# Планы радуют

Вот состоялась еще одна отчетная встреча акима района, причем первая встреча нового Акима С.Шайдарова. Очень много перспективного и нового мы узналы из отчетного доклада. И обрадовались: дай бог, чтобы они исполнились.

Например, строительство государственного арендного жилья, которого у нас в районе не было.

Или же создание коммунального государственного предприятия, который остро необходим для обслуживания сельских водопроводных сетей, а так же оказания и других видов услуг. Или же взять ремонт ветхого жилья т.е двухэтажных домов п.Киевка, подключение их к автономной системе отопления! Ведь это даст возможность обеспечить жильем малообеспеченные слои населения и молодых семей.

А что касается 80 летия района, то мы как потомки первоцелинников, примем самое активное участие в этих мероприятиях. А творчества и фантазии у наших сельчан не занимать.

**Т.САМОЙЛЮК,**
**с.Заречное.**

*ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА*

# Все внимание – на село



Мне, как пенсионерке, блокаднице Ленинграда, пережившей и военную годину, и подъем страны в послевоенные годы, захватившей перестройку, очень приятно сознавать, как год от года и день ото дня мой родной Казахстан все шире расправляет свои крылья, становясь одной из самых крепких стран среди СНГ.

Еще больше радует подъем экономики в нашем Нуринском районе, где как нам видно из отчетного доклада акима С.Ж.Шайдарова, особое внимание уделяется селу, земле, людям, которые выращивают сельскохозяйственную продукцию. Особый акцент делается на улучшение качества жизни, о чем говорят возводимые водопроводы, строительство социально-значимых объектов, развитие культуры и т.д.

И в нашем селе с этого года начинается строительство водопроводных сетей на сумму 25 миллионов тенге, которое будет продолжено и в 2009-м году. Это очень большое подспорье сельчанам, за что огромное спасибо государству.

Кроме того, нельзя не сказать о постоянном внимании исполнительных органов к ветеранам войны и труда, пенсионерам, для которых ежегодно изыскиваются средства на повышение пенсий и пособий. Немалая толика этих средств идет и из местного бюджета на поддержку данной категории людей.

Не только старшее поколение ощущает на себе внимание и заботу руководства. Молодежь – вот на что делается главный упор в дальнейшем развитии. В Майоровке проблему досуга молодежи решили реконструкцией давно бездействующего клуба, на капитальный ремонт которого выделено в текущем году более 6-ти миллионов тенге.

Мы верим, что за этим последуют и другие программы, обращенные на качество улучшения жизни сельского жителя, а значит и со своей стороны приложим все силы, чтобы не только достойно встретить 80-летие Нуринского района, но и в скором будущем встать в один ряд с наиболее крупными и сильными хозяйствующими субъектами района.

**Юлия Тихоновна КУЗЬМИЧ,**
**село Майоровка.**

***ТЕҢІЗ ӨҢІРІНДЕГІ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ***

# Басты мақсат – ауылдықтар өмірін жақсарту

Аудан әкімінің шалғайдағы Теңіз еңірінің тұрғындарымен кездесуі **Талдысай ауылынан** басталды. Ауылда Мәдениет үйі, клуб жоқ болғандықтан, есеп беру кездесуі мектепте өтті. Алдымен, ауданның 2007 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуына және алдағы жылдар міндеттеріне тоқталған аудан әкімі С.Шайдаров нақты ауыл проблемаларын да сырт қалдырған жоқ.

Бүгінде Талдысай ауылында 230 адам тұрады, оның әр салада жұмыс істейтіні 52, зейнеткері 22, бала саны 74, оқушылар -48. Ауылда орта мектеп, фельдшерлік пункт, кітапхана бар.

Ауыл аймақтарының даму мемлекеттік бағдарламасы бойынша ауыл даму потенциалы орташа ауылға жатқызылған. Инвестициялық жобалар бойынша 2010 жылда су құбырларын жөндеу үшін жобалау сметалық құжаттар әзірлеу жоспарланған.

Ауылдағы жер көлемі 502375 гектарды құрайды. Ауылда «Талдысай – 2030» ЖШС-і және екі шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ауыл шаруашылық енімдерінің көлемі 56,4 млн теңгені құраған, жан басына шаққандағы өнім 194,5 мың теңгені құрайды, бұл аудандық көрсеткіштен 96,4 мың теңгеге төмен.

Ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту бағытында республикалық бағдарламалар көзінен несиелер алынбаған. Малды асыл тұқымдандыру мәселесі де қолға алынбаған. Бұл орайда аудан әкімі талдысайлықтарға төмендегідей міндет жүктеді:

-Сіздердің ауылдарыңыздың экономикасын одан әрі дамыту, еркендету үшін мал санын көбейту, мал тұқымын асылдандыру жұмысын қолға алу қажет. Өздеріңіз айтып отырғандай ауылда бұрнағы жылдары қой басы 100 мыңға жуық болыпты, ал қазір де осы мәселені жандандыруға үкімет тарапынан қолдау керсетілуде, тек сіздер ден қойып, осы мәселеге көңіл аудару жағын да қарастыруымыз керек,- деді.

Одан кейін ауыл тұрғындары телефон байланысы, жолдарды ұстау, оларды қардан тазалау және ауыз су тапшылығы сияқты мәселелерді көтерді. Аудан әкімі көтерілген мәселелердің бәріне жауап берді және олардың орындалуы қадағаланып, бақылауға алынатынын жеткізді.

**Шұбаркөл кенті** ауданымыздағы өнеркәсіп орындарының шоғырланған орталығы десек артық айтпаған болар едік. Онда 5 ірі енеркәсіп кәсіпорындары орналасқан: «Ақсу – XXI» ЖШС-і, «Шұбаркөл көмір» АҚ-ы, «Халықаралық көмір технологиялары» АҚ, «Казмарганец» кен басқармасының ТНК «Казхром» АҚ-ы, «Сарыарқа спецкокс» ЖШС-і. Оларда өндірілген өнім көлемі 2007 жылда 9949 млн теңгені құрады, сөйтіп облыс экономикасына сүбелі үлес қосылды. Бір жан басына шаққандағы жыл кірісі 232,0 млн теңгені құрады, бұл аудандық көрсеткіштен (136,5 мың теңге) едәуір жоғары.

Облыс әкімі мен Евразия табиғи ресурстар корпорация арасындағы Меморандумға сәйкес ауданға 16 млн қаржы бөлінген. Оның 3млн теңгесіне мектептің жылыту жүйесі жаңартылған. 1,5 млн теңгеге электр желісіне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар «Шұбаркөл көмір» АҚ кенттің жылумен қамтылуын толық өз қарамағына алған, көмірмен қамтылу, оны ұстау, жұмыскерлер жалақысын төлеу.

[illegible]те орта мектеп бар, онда 145 оқушы бар, ҰБТ қорытындысы орташа аудандық керсеткіш деңгейінде. Компьютермен жабдықталу деңгейі өте төмен, яғни бір компьютерге 18,5 оқушы, аудан бойынша – 9,5.

«Шұбаркөл» АҚ-ы мектепке демеушілік көмегі қомақты екен, атап айтсақ: 2млн 820 мың теңгеге аз қамтылған отбасындағы балаларға киім-кешек, спорттық құрал-жабдықтар, яғни шаңғы, конькилер, доптар, бадминтон,теннис столы, шахматтар мен дойбылар және жаңа жыл мерекесіне орай барлық 14 жасқа дейінгі балаларға шырша қалтасын үлестірген.

Аудан әкімінің есеп беру баяндамасынан соң тұрғындар өздерінің проблемаларын да ортаға салды.

Ең алдымен, облыс орталығына қатынастың жоқтығы. Бұл мәселе бойынша аудан әкімшілігі атынан Қарағанды облыстық жолау-



шылар келігі және автомобиль жолдары басқармасына хат жолданған. Олар өз тарапынан Қарағанды – Қызылжар-Шұбаркөл бағытында жүретін автобус маршрутына конкурс жариялаған. Жақын арада конкурс нәтижесі шығып, бұл мәселе оң шешімін табады деп сенеміз.

Екінші мәселе көп қабатты үйлердің тебелерін күрделі жөндеуден өткізу мәселесі. Бұл мәселені шешу үшін көп қабатты үйлердің тұрғындары ұйымдасып, кондоминимум құру қажет. Сонда «Қаратал» мемлекеттік коммуналдық мекемесі арқылы бұл мәселе шешіледі.

Кездесуге «Шұбаркел кемір» АҚ-ның коммерциялық директоры Ысқақов Е, «Казмарганец» кен басқармасының бөлім бастықтары Құнәділов Ж, Худайбергенов Ф. қатысты.

Кездесуден соң, аудан әкімі С.Шайдаров Абай атындағы орта мектепті аралап оның материалдық- техникалық базасымен танысты. Бұдан соң аудан басшысы «Шұбаркел көмір» АҚ-ның атқарушы директоры Е.Ысқақовпен бірге кенттегі орталық қазандық жұмысымен және жылыту жүйесімен танысып, үйлердегі жылу режимін байқау үшін кеп пәтерлі үйлерге де бас сұғып, тұрғындармен сұхбаттасты.

**Ткенекті** ауылындағы кездесу де мектепте өтті. Ауыл тұрғындары бір кісідей жиналып, аудан әкімі С.Шайдаровтың есеп беру



баяндамасын зор ықыласпен қабыл алды. Ауылда 210 адам тұрады, оның оқушысы - 56. Орта мектеп, фельдшерлік пункт, кітапхана бар. Ауыл даму потенциалы орташа ауыл санатына жатқызылған. Ауыл аумағында 7 шаруа қожалығы бар, ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі 77,7 млн теңгені құраған. Жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдері 269,5 мың теңгені құраған. «Сарыезен» шаруа қожалығы – Р.Әбілдин өткен күзде барлық тұрғындарға екі қап ұннан жаппай таратыпты және Шұбаркөлден көмір жеткізуге көлік бөліп, ауылдықтарға қол ұшын беріп тұрады екен. «Торқалы той, топырақты елім»дегендей жағдайларда шаруа қожалығы есебінен қара мал беріледі екен. Жалпы Рамазанның азаматтығы ауыз толтырып айтуға толарлық. Оны өз сездерінде ауылдықтары да атап өтті.

Білім сапасына келсек, ҰБТ қорытындысы айтарлықтай және мектептің көптеген түлектері гранттарға ие болған екен. Мектеп жылы. Су бар, автобус жүріп тұр, телефон әр үйде бар, қалааралық байланыс жұмыс істеп тұр.

Одан соң сез алған Баймағамбетов А, Бүркітбаев Ө, Сағындықова М, Мәжитова Д, Терлікбаева К, М.Қалкенова өз сездерінде қыс айларында жол тазалау, жедел жәрдем көлігінің тапшылығы сияқты ірілі –ұсақты мәселелерді аудан әкімі назарына жеткізді.

Аудан әкімі қаңтардың 29 күні **Жанбөбек ауылында** өзінің есепті



кездесуін жалғастырды. Ауылда Мәдениет үйі болмағандықтан, есеп беру кездесу мектепте етті. Алдымен, ауданның 2007 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуына және алдағы жылдар міндеттеріне тоқталған аудан әкімі С.Шайдаров нақты ауыл проблемаларын да назардан тыс қалдырған жоқ.

Қазіргі кезде Жанбөбек ауылында 610 адам тұрады, оның әр салада жұмыс істейтіні 120, зейнеткерлер-40, бала саны-191, оның ішінде оқушылар-119. Ауыл аумағында мектеп, фельдшерлік пункт, кітапхана бар.

Ауыл аймақтарының даму мемлекеттік бағдарламасы мониторингісінің қорытындысы бойынша ауыл даму потенциалы орташа ауылға жатқызылған. Инвестициялық жобалар бойынша 2009 жылы Қарақойын орта мектебіне күрделі жендеу жұмыстарын жүргізу және 2010 жылы су құбырларын жөндеу үшін жобалау сметалық құжаттар әзірлеу жоспарланған.

Жанбөбек ауылының жер пайдалану келемінің жалпы алаңы 243324 гектар. Ауыл орталығында «Қарақойын-2002» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыс істейді, оның жер пайдалану келемі 11204 гектар жерден тұрады. Осы ауылдың «Аққолқа» елді мекенінде «Жанбөбек» ЖШС-сі жұмыс жасайды және 1 жеке шаруа қожалығы бар.

Жанбебек ауылының аумағында «Қарақойын», «Жанбебек» ЖШС-рі және бір шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады. Мал шартты басқа шаққанда 2661-ге жетіп, 2006 жылғы деңгейінде қалды, бұл жалпы аудандық көлемінің 5,5 %-ы. 2007 жылы «Отқанжар»ЖШС-нен 769 бас асыл тұқымды қой сатып алынған. Ауылда жасанды ұрықтандыру пункті жоқ.

Ауылдағы мектептің білім сапасын айтар болсақ, ҰБТ қорытындысы бойынша, мектеп керсеткіші-63,0%, яғни орта аудандық көрсеткіштен 5,5 балға төмен (аудандық көрсеткіш-65,5%).

Бұл ауылда көтерілген ең өзекті мәселелер: су құбырларын жендеу, телефон байланысының сапасы және жол тазалау болды.

Кездесуге аудандық мәслихат депутаты Ж.Жақсыбаев қатысты.

Теңіз өңіріндегі жер көлемі мен халықтың орналасуына қарай ең ауқымды ауыл –**Баршын** және оған қарасты Қарақасқа ауылы



да бар. Аудан әкімінің келесі есеп беру кездесуі Баршын ауылында өте тиімді етті, оған Баршын ауылы тұрғындарымен қатар Қарақасқа ауылы тұрғындары да қатысты. Ауыл әкімі аппаратының мәжіліс залы халыққа лық толып кетті. Осы кездесуді ауылдықтар асыға күтті. Өйткені, жаңа әкім мен оның жаңа игі істерін ез құлақтарымен естіп, көздерін жеткізгісі келді.

Баршын ауылында 786 адам, Қарақасқа ауылында 142 адам тұрады, оның әр салада жұмыс істейтіні 209, зейнеткерлер-87, бала саны 290, оның ішінде оқушылар -175 (Баршын ауылында - 149, Қарақасқа ауылында - 26). Ескі Баршын мен жаңа Баршын ауылындағы балаларды мектепке жеткізу үшін жыл аяғында жаңа автобус сатып алынған болатын. Оған тұрғындар дән риза.

Ауыл аймақтарының даму мемлекеттік бағдарламасы мониторингісінің қорытындысы бойынша ауыл 2 санаттағы, яғни даму потенциалы орташа ауыл санатына жатқызылған. Бір жан басына шаққандағы жыл кірісі 85,3 мың теңгені құрайды, бұл аудан бойынша орта керсеткіштен (136,5 мың теңге) 51,2 мың теңгеге төмен.

Баршын, Қарақасқа ауылдарының жалпы жер пайдалану көлемі 625196 гектар оның құрамында 9045 га шабындық, 592396 га жайылымдық жерлер бар. Осы жер көлемінде 17 шаруа қожалықтар және фермерлік шаруашылықтар ауыл шаруашылық ендірісін жүргізеді. Жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімі 2007 жылы 204,9 мың теңгені құрйды, бұл орташа аудандық көрсеткіштен (290,9 мың теңге) 86 мың теңгеге кем.

Білім сапасына тоқталатын болсақ, ҰБТ қорытындысы бойынша мектептің көрсеткіші 66,7%, яғни өте жақсы. (аудандық керсеткіш-65,5%). Компьютермен жабдықталуы 1 компьютерге Баршын мектебі бойынша -6 оқушыға, Аршалы мектебі бойынша-4,3 оқушы (аудан бойынша-9,5).

Халықтың денсаулығын сақтау, оларға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту да езекті поблемалардың бірі. Баршын учаскелік емханасына 2005 жылы күрделі жөндеуге 10 млн теңге бөлінді. 2007 жылы жаңа УАЗ автокөлігі берілді.

Жылжымайтын мүлікті жария ету нәтижесінде 2007 жылы 251 жылжымайтын обьект жария етілді. (Баршын-208, Қарақасқа-43) оның ішінде 230 тұрғын үй, 11 ғимарат, жалпы соммасы 2323 мың теңгені құрады. Келіп түскен 251 етініштің 241-ы қанағаттандырылды, 10 (Баршын-8, Қарақасқа-2) етініш қанағаттандырылмады.

Ауыл тұрғындары да өздерін толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салды.

Олар: Қарағанды – Киевка - Баршын бағытында жүретін автобус маршруты.

Бұл мәселе өткен жылда да қозғалып, шешуін таппаған, себебі конкурс жарияланса да әлеуетті жеткізуші болмағандықтан, яғни қазіргі нарық заманында жеке меншік тапсырыс орындаушысы болмағандықтан, жеңімпаз болмай, проблема шешілмеді. Биылғы жылда бұл мәселе тағы да көтеріліп отыр, ал шешілу жолы бұрынғыдай.

Одан кейін сөз алған Құсайынов Б, Баяндин Т, Шәкіржанов Қ, Абдығалиев Ж, Саметова Қ, Ноғайбаев А, Тілеулесов Е т.б ауылдың басқа да мәселелерін көтерді.

